

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология факультетінің, адам және жануарлар физиологиясы мен биофизика кафедрасының профессоры Торманов Нұртайға 70 жас және ғылыми педагогикалық еңбек жолына 45 жыл



Торманов Нұртай Қызыл-Орда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар совхозында 1940 жылы 1 қаңтарда дүниеге келді. 1960 жылы С.М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің биология факультетіне оқуға қабылданып, үздік бітіргеннен соң, 1965 жылы адам және жануарлар физиологиясы кафедрасының жанындағы ғылыми-зерттеу проблемалық лабораториясына жұмысқа жолдамамен орналасады. Алғашқы зерттеу жұмыстарын биология ғылымының докторы, профессор М.Ф. Авазбакиеваның жетекшілігімен бастады. «Қоршаған орта факторларының (гипоксия, жоғарғы ыстық температура) адам мен жануарлар ағзасына әсері» тақырыбындағы мәселелерді зерттеді. Ғылыми зерттеу жұмысынан алынған нәтижелерінің қорытындысы бойынша 1974 жылы кандидаттық диссертацияны қорғады. 1975 жылдан бастап мұғалімдік қызметінде ассистент, аға мұғалім, доцент, профессор дәрежесіне дейін көтерілді. 1976-1980 жылдар аралығында биология-география факультетінің сыртқы және кешкі бөлімінің декандық қызметін, 1983-1990 жылдар аралығында биология факультетінің күндізгі бөлімі деканының орынбасары қызметін атқарды. 1990-1995 жылдар аралығында жаңадан ашылған Биологияны оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды.

Профессор Н. Торманов 45 жылдан астам уақыт жастарға білім және тәрбие берумен айналысып келеді. Профессор Н.Торманов факультетімізде биология, биотехнология, экология мамандықтарындағы қазақ бөлімінде оқитын студенттерге жалпы міндетті курс “Адам және жануарлар физиологиясы” және “Биологияны оқыту әдістемелері” пәндерінен дәріс береді, сол пәндерден студенттерге арналған қазақ тілінде оқулықтарды баспадан шығарды. Сонымен бірге «Қоршаған ортаның әртүрлі химиялық заттармен оның ішінде гербицидтермен, инсектицидтермен ластануына бақылау жасау» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын Қызылорда облысының күріш егетін аудандарында (Тереңөзек, Жалағаш 1981-1984) жүргізді. Ы. Алтынсарин атындағы білім беру проблемалары ғылыми зерттеу институтымен бірігіп «Биологияны тереңдетіп оқытатын гимназияларда оқу-әдістемелік кешенін жасау» мәселелерімен айналысты (1992-1996). Ал 2000 жылдан бастап «Стресс әсерінен жүрек жұмысы ырғағының өзгеруіне эндогендік аминдердің ролі» тақырыбында зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді.

Профессор Н. Тормановтың қаламынан 120 ғылыми мақалалар мен оқу-әдістемелік, оқу құралдары жарық көрді. Оның ішінде қазақ тілінде университет студенттеріне арнап 6 оқу құралы, мектеп оқушыларына арнап 1 оқулық жазылды.

Профессор Н.Торманов өзінің білімі мен тәжірибесін, оқу үрдісіндегі жаңалықтарды жас ұрпақтарға үйретіп келеді. Алматы қаласының көптеген мектептерінің (РФМШ, №140, 161, 145), Республикамыздың басқада облысындағы мектептерінің оқытушылар мен оқушыларына биология пәнін тереңдетіп оқыту әдіс-тәсілдерін үйретіп, көмек көрсетуде. 2008-2009 жылдары Маңғыстау облысының білім беру департаментінің сұранысы бойынша биология пәнінен 30 мұғалімге апталық семинар өткізді. Облыстық «Дарын» орталығына барып, дарынды балалармен биология пәнінің күрделі тарауларынан дәріс берді. 2009 жылының ақпан, наурыз айларында Қызыл-Орда, Талдықорған облыстарында Республикалық деңгейде пәндік Олимпиада өткізуге белсенді қатысты.

Н. Тормановтың ұсынысымен 1998 жылы ҚР Білім, Ғылым және мәдениет министрлігі жанынан Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығын ұйымдастыруда да еңбегі бар. 1997-1999 жылдары Халықаралық Олимпиаданы биология пәнінен өткізу ұйымының мүшесі және координаторы болды, Халықаралық биологиялық Олимпиадаға алып барған Қазақстанның командасынан үш оқушысы ең алғаш рет қола медальға ие болды (Киль қаласы, Германия, 1998 ж.). 1997 жылы факультетте медико-биологиялық іс мамандығының оқу жоспарына «Валеология», «Валеологияны оқыту әдістері» пәндерін енгізіріп, оның оқу жоспарын және оқу құралын жарыққа шығаруда профессор Н. Тормановтың еңбегі сіңген. Оның басшылығымен мектепте өтетін педагогикалық практикада Валеология пәнінен білім беру мен салауатты өмір салтын насихаттау кең ауқымды түрде жүргізіліп келеді.

Республикалық деңгейде шығатын ғылыми-педагогикалық «Биология және салауатты өмір салты», «Валеология, физкультура. Спорт» журналдарының редакциялық кеңесінің мүшесі. Профессор Н.Торманов факультет, университет деңгейіндегі қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады, факультеттегі «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, факультеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жанындағы тесттік орталықтың Аралық Мемлекеттік Бақылау өткізу комиссиясының сараптаушысы. Университет жанындағы оқытушылардың кәсіби мамандығын көтеру институтына Республикалардың түпкір-түпкірінен келген мұғалімдерге дәріс оқиды. Ол 2008-2009 жылы Шымкенттің М. Әуезов атындағы Мемлекеттік университетінен, Алматы қаласындағы қыздар педагогикалық Ұлттық университетінен, Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы мемлекеттік университеттен келген мұғалімдерге оқу-әдістемелік көмек көрсетті.

Жастарға білім, тәрбие берудегі жемісті еңбегін және факультет, университет деңгейіндегі белсенді жұмыстары бағаланып университет ректорларының бұйрығымен бірнеше дүркін алғыс жарияланумен қатар (20рет), жоғары мектеп қызметкерлерінің ұжымы мақтау грамотасын берген болса, 1994 және 1997 жылы «ҚР білім озаты» деген марапатқа ие болды (куәлік №131476 7.09.1994, куәлік №112117 19.11.1997). Білім беру саласындағы ерекше еңбегі бағаланып 2009 жылы “Қазақстан Республикасының Білім Беру ісінің құрметті қызметкері” белгісімен марапатталды (куәлік №718).

Торманов Нұртайды мерей тойымен құттықтаймыз, Өзіне зор денсаулық, қажымас қайрат, шат көңіл-күй, еңбегіне табыс, жан ұясына амандық тілейміз.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі биология факультетінің адам және жануарлар физиологиясы мен биофизика кафедрасының ұжымы мен ғылым жолын қуған шәкірттері



Аманкул Бекенович Бекенов
(к 70-летию со дня рождения)

Аманкул Бекенов родился 16 ноября 1939 г. в пос. Торгай Жангельдинского района Костанайской области. В 1961 г. окончил естественно-географический факультет КазПИ им. Абая. После окончания института вся трудовая деятельность его связана только с одним научным учреждением Национальной Академии Республики Казахстан – Институтом зоологии, являющимся крупным научным центром зоологических и паразитологических исследований в Казахстане. Здесь он прошел путь от аспиранта до директора Института. В 1967 г. защитил кандидатскую диссертацию на тему: «Экология длиннохвостого суслика в Джунгарском Алатау», а в 1971 г. был переведен на должность старшего научного сотрудника. С 1977 г. заведующий лабораторией териологии. В 1987-1994 гг. работал заместителем директора Института по научной работе, одновременно руководил лабораторией териологии. В 1991 г.

защитил докторскую диссертацию на тему: «Млекопитающие пустынь Казахстана (фауна, биология, рациональное использование и охрана)» в специализированном совете Института экологии растений и животных Уральского отделения АН СССР (г. Свердловск). В 1993 г. ему присвоено ученое звание профессора. В 1995-2003 гг. работал директором Института зоологии МОН РК, а с 2003 г. по настоящее время - заведующий лабораторией териологии Института.

Проф. А. Бекенов в своей деятельности большое внимание уделил интродукции казахстанской териологической науки в мировое научное сообщество (ИНТАС, ГЭФ, фонд Дарвина, WWF) привлечению в науку средств международных фондов. В годы независимости Республики Казахстан исследования лаборатории, руководимой А. Бекеновым, вышли на международную арену. География стран, участвующих в совместных с коллегами А. Бекенова научных исследованиях и проектах, охватывает многие страны мира (Англия, Франция, Германия, Норвегия, Швеция, Италия, Финляндия, Северная Ирландия, Китай и др.). Благодаря этой стороне его деятельности увеличивается потенциал мировой науки, направленный на сохранение биоразнообразия, укрепляются дружеские связи между учеными разных стран.

Высокую оценку заслуживает практическая деятельность А. Бекенова по обоснованию организации особо охраняемые природные территории (ООПТ) Казахстана. Им разработаны и переданы в Комитет лесного и охотничьего хозяйства МСХ РК рекомендации и биологические обоснования по интродукции редких и исчезающих видов копытных животных (архара, кулана, джейрана, лошадь Пржевальского) в различных регионах Казахстана. А. Бекенов участвовал и участвует в подготовке многих проектов постановлений и распоряжений Правительства Республики Казахстан, касающихся вопросов развития охотничьего хозяйства и охраны животного мира. За научную разработку «Биологические основы восстановления и охраны поголовья сайгаков, их рациональное использование в народном хозяйстве Казахстана» коллективу сотрудников лаборатории териологии, в том числе и А. Бекенову, присуждена Государственная премия Республики Казахстан 1982 г. в области науки и техники.

Выпуск многотомной монографии «Млекопитающие Казахстана» можно считать крупным вкладом в териологию, за что она получила высокую оценку научной общественности бывшего СССР. В 1988 г. коллективу авторов этой сводки, в том числе А. Бекенову, присуждена первая премия Московского общества испытателей природы за лучшие работы в области естествознания.

А. Бекеновым опубликовано 349 научных работ, из них 6 монографий. 17 научных работ издано в дальнем зарубежье. Среди крупных теоретических обобщений следует отметить «Млекопитающие Казахстана» (4-х томах, 1969-1985); «Красная книга Казахстана» (1978, 1991, 1996, 2008); «Сайгак (филогения, систематика, экология, охрана и использование)» (1998); «Редкие и исчезающие животные Казахского мелкосопочника» (2005) и «Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар жануарлары» (2008).

Аманкул Бекенович активно участвует в подготовке молодых ученых высокой квалификации. Под его руководством защищено - одна докторская и 7 кандидатских диссертаций. В настоящее время руководит научными работами 3 докторантов и 4 соискателей. Его ученики работают во многих ВУЗ-ах и НИИ Казахстана.

Проф. А. Бекенов проводит большую общественную работу. Он является членом диссертационного совета по защите докторских и кандидатских диссертаций при Институте зоологии МОН РК, зам. председателя зоологической комиссии по Красной книге Республики Казахстан, председателем секции биологии и экологии редакции национальной энциклопедии «Қазақстан», член Международной комиссии териологического общества РАН и Международной комиссии по сурочьим МСОП, членом Президиума Международного союза по сохранению сайгака. Избран академиком Академии естественных наук Республики Казахстан (1997).

За успешную исследовательскую работу, активную научно-организационную и общественную деятельность Аманкул Бекенович награжден многими грамотами Президиума Академии наук Республики и МОН РК. Признанием его заслуг в развитии зоологической науки в Казахстане являются получение от Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Алғыс хат» в дни празднования 10-летия независимости Республики.

Пожелаем же Аманкулу Бекеновичу крепкого здоровья, долгих лет жизни и больших творческих успехов на благо развития зоологической науки.

Б.Е. Есжанов, К.С. Мусабеков